

ӘОЖ 343.01

**КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ-  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ШАРАЛАР**

**Жумадилова Айгерим Омирбековна**

[Aigera\\_2000\\_21@mail.ru](mailto:Aigera_2000_21@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Заң факультетінің 2 курс  
студенті, Нур-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.д., доцент Муратханова М.Б.

Қылмыстық жауапкершілік – кез-келген адамның істеген қылмысына заң алдында міндетті түрде жауап беруі. Ал кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тартудың өз ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер оларға қолданылатын қылмыстық құқықтық шалалардың белгілі бір дәрежеде ғана іске асатындығын айқындай түссе керек. Яғни, кәмелетке толмағандарға өлім жазасы, өмір бойына бас бостандығынан айыру сияқты жазалар қолданылмайды және тағайындалатын бас бостандықтан айыру жазасы он екі жылдан аспауы тиіс екендігін айқындайды. Қылмыстық кодекс кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін олардың есінің дұрыстығын тексеруді міндеттейді.

Елімізде бала құқығын қамтамасыз ету жолында Қазақстанның тұңғыш Президенті 23–тамыз 2007 жылы «Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың білімі туралы» Президенттік Қаулысын шығарды. Қаулы Астана және Алматы қалаларында кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық пилоттық соттар (КТМАС) ашуды қарастырды.[1] Қаулыға сәйкес, КТМАС-тың құзыретіне кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істер кіретін болады.[2]

ҚР ҚК-нің 14 бабына сай қылмыстық жауаптылыққа есі дұрыс, кодексте белгіленген жасқа толған жеке адам ғана тартылуы тиіс деп көрсетілген. Сонымен қатар қылмыс жасаған кезде он алты жасқа толған адам қылмыстық жауаптылыққа тартылады деп 15 бабының 1 бөлігінде баяндалған. Одан басқа, қылмыс жасаған уақытта он төрт жасқа толған адамдардың қылмыстық жауаптылыққа жататын қылмыс санаттары бар.[3]

Қандай да болсын психикалық ауытқуы бар жасөспірім қоғамға қауіпті әрекет жасау кезінде өзінің әрекетіне баға бере алмай, өзін-өзі басқара алмайды. Мұндай жағдайда егер кәмелетке толмаған есі дұрыс емес деп танылса, оны қылмыстық жауапкершілікке тарту орнына соттың шешімімен арнаулы медициналық сипаттағы шара қолданылады. Жас болсын, жасы толмаған болсын оның қылмыстық әрекетті қасақана жасағанын, кінәсін анықтау кез-келген жағдайда міндетті болып табылады. Кінәні анықтау қылмыстық жауапкершілікті тағайындауда басты рөл атқарады.

Тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шаралары - ауырлығы жеңіл немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылатын қылмыстық-құқықтық шаралар. Сот қылмыстық жауапкершіліктен босату немесе жазадан босату туралы шешім қабылдаған кезде тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданылуы мүмкін. Бұл шаралар негізінен кәмелетке толмаған құқық бұзушыны түзетуге бағытталған және әдетте жазасыз түзетуге болатын жағдайларда қолданылады.

ҚР ҚК-нің «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы» жөніндегі бөлімінің 78 бабының 1 бөлігінде «Кәмелетке толмағандар деп - қылмыс жасаған кезге қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылатындығы» белгіленген. Сот кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы істерді қарау барысында кәмелетке толмаған адамның жас шамасын дәл анықтауға шаралар қабылдауға міндетті. Адам белгілі бір жасқа дәл туған күні емес, келесі тәуліктен бастап толған болып есептеледі. Жас мөлшерін соттық медициналық сараптама бойынша анықтағанда, сотталушының туған күні болып сарапшы атаған жылдың соңғы күні есептелуі қажет, ал жас шамасын ең төменгі және ең жоғарғы жылдар арқылы белгілегенде, ондай адамның сараптама ұсынған ең төменгі жасына табан тіреу керек.[3]

Қылмыстық заң қылмыстық әрекетке барған кәмелетке толмағандарды жазалау керектігін белгілейді. Ересектерге қарағанда, кәмелетке толмағандарды қылмыс үшін жазалау белгілі бір шектеу мен құқықтардан тұратынын тағы да еске сала кеткен артық болмас. Десек те, қандай да болсын қылмыстық жаза – кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын болдырмау, қайта тәрбиелеу мен дұрыс жолға салуға өз септігін тигізеді. Кәмелеттік жасқа толмағандар болып, әкімшілік құқық бұзушылық жасау уақытында 16 жасқа толмағандар есептеледі. Олар үшін әкімшілік жауапкершілікті ата-аналары өтейді.

Жазаның негізгі түрлері — әкімшілік жаза немесе тәрбиелеу сипатындағы мәжбүрлеу шаралары. Кәмелеттік жасқа толмағанға әкімшілік жаза тағайындау кезінде оның өмір сүру

мен тәрбие жағдайы, психикалық даму деңгейі, жеке тұлғаның өзге ерекшеліктері және ересек адамдардың әсері ескеріледі.

Кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаға әкімшілік жаза— әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап бір айдан, ал созылмалы құқық бұзушылық үшін—оны анықтаған күннен бастап, бір айдан кешіктірмей тағайындалады. Егер кәмелеттік жасқа толмаған тұлға әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулының орындалуынан кейін алты ай жаңа құқық бұзушылық жасамаса, онда ол әкімшілік жазаға тартылмаған болып саналады.

Кәмелеттік жасқа толмау жазаны жеңілдететін жағдай ретінде ескеріледі. Егер кәмелеттік жасқа толмаған тұлға әкімшілік құқықбұзушылықты алғаш рет жасаса, онда уәкілді орган (лауазымды тұлға) оны әкімшілік жауапкершіліктен босатып, оған тәрбиелік ықпал жасайтын шараларды қолданады.

Тәрбиелік ықпал ету шараларына жататындар:

-заңды түсіндіру;

-ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың немесе мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;

-келтірілген зиянды өтеу міндетін жүктеу;


бос уақытын шектеу және оның мінез-құлқына ерекше талаптар қою.

Шаралардың бұл тізімі нақты анықталып, шектелген болып саналмайды. Өзге де тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

Айта кететін бір жайт, кәмелетке толмаған адамға бір мезгілде тәрбиелік ықпал етудің бірнеше шаралары тағайындалуы мүмкін. Аталмыш Кодексте қарастырылғандай әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазақолданылған кәмелетке толмаған адамға қатысты әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап, алты айдың ішінде осындай жазаға тартылды деп есептеледі.

Жасы толып, қылмыс жасаған баланы қылмыстық жауапкершілікке тарту әр елде әр түрлі шешілген. Мысалы, Ұлыбритания елінде қылмыстық жауапкершілік кей қылмыстар үшін сегіз жастан көзделуі мүмкін. Нью – Йорк штатының ҚҚ бойынша қылмыс істеп, сотқа тартылған бала егер өз әрекетінің қауіпті іс – әрекет екенін түсіне алған жағдайда қылмыстық жауаптылыққа сегіз жастан он екі жасқа дейін тартылады. Шетелдердің қылмыстық заңнамасын зерттеу барысында қылмыстық жауаптылық, соның ішінде кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылық жасы әр елде әрқалай көрсетілетіні белгілі болды.

КТМАС кең юрисдикцияға ие және кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істердің белгілі категорияларын қамтиды.[4]



Азаматтық істер бойынша осы зерттеу үшін жүргізілген тыңдауларда балалардың 36,1% алты жасқа дейінгі балалар, 6-11 жас аралығындағы балалар 22,2% және 12-17 жас аралығындағы балалар 30,6%-ды құрайды. Азаматтық іс бойынша іс жүргізуге қатысқан кәмелетке толмағандар санының 38,9%-ы қыздар, 61,1% – ы ұл балалар.[4]

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты белгілеген тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстану – дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттілік орнатудан, жайлы подъезден, жинақы ауладан, таза көшеден және жарқын жүзді адамдардан басталады деп айтуы еліміздің әр азаматына қатысты. [5]

Сонымен бірге біз жас өспірімдер тарапынан орын алған ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Кәмелетке толмаған адамдардың тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезінулері одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу мақсатында – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам ретінде біз құқықтық нигилизмді жеңіп, қоғамды қоғамдық тәртіпті қорғау ісіне жас өспірімдерді барынша тартуымыз қажет. Мұның бәрі қоғамдық өмірдің нормасы болуға тиіс.

#### **Қарастырылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 23 тамыз 2007 жылғы N 385 «Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың білімі туралы» Жарлығы, 1 пункт
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 23 тамыз 2007 жылғы N 385 «Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың білімі туралы» Жарлығы, 1 пункт.
3. ҚР Қылмыстық Кодексі
4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ СОТТАРДЫҢ ДАМУЫ/ Каролин Гамильтон, Аваз Рауф.– Астана, 2015
5. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)